**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print)**

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

# THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

**6** (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

**БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

**ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **H = 6**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **H=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **H = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **H =2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген
**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Канседтович,** доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

**УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 3**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович,** доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **H = 6**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **H = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **H=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **H=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **H = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

**EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

**SCIENTIFIC SECRETARY;**

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

**EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich,** Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova,** Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna,** Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3.**

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of
a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 257–271
https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.868

ҒТАМР: 14.37.27

**A. Shamshadinkyzy[1], K. Medeubaeva[2], A.R. Abdykadyrova[3], Z.K. Ualieva[3], 2024.**
[1]Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Almaty Humanitarian and Economic University, Almaty, Kazakhstan;
[3]Kazakh National Medical University named after Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: 87757576833@mail.ru

# USING NEW TECHNOLOGICAL MODULES IN THE STUDY OF POETIC WORKS

**Shamshadinkyzy A.** – Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: 87757576833@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1529-3948;
**Kenzhekhan Medeubaeva** – Almaty Humanitarian and Economic University, Almaty, e-mail: medeubaeva_kt@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002—8399-384x;
**Abdykadyrova Ainur Rakhmanalievna** – Kazakh National Medical University named after Asfendiyarov, Almaty, e-mail: tauke04@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-9551-2719;
**Ualieva Zauresh Kalievna** – Kazakh National Medical University named after Asfendiyarov, Almaty, e-mail: Zualiyeva@yandex.kz, https://orcid.org/0009-0002-7396-4516.

**Abstract.** One of the main tasks of today's education sector is to create an intelligent generation that has absorbed universal human and national values. Formation of not only knowledge, skills, but also spiritual knowledge of university students as future pedagogic specialists is carried out by reading literary and artistic works for Alash intellectuals. Studying the life and rich heritage of Alash's outstanding citizens, the cream of the nation who made up the intelligentsia, expressed in poems and songs, will undoubtedly shape the national consciousness of the younger generation. The use of an innovative teaching method in the teaching methodology of the image of Alash intellectuals in poetic works contributes to achieving positive results. In this regard, in the research work, it is intended to consider the effectiveness of using the modern teaching model - 4K concept in the process of teaching the image of Alash intellectuals in poetic works. Based on the results of the research conducted in the work aimed at considering the representation of Alash intellectuals in poetic works through an innovative teaching model, the author determines the specificity of the dedication genre in poetry, reveals the meaning of dreamy works in the spirit of Alash, considers the effectiveness of the 4K concept in the course of teaching poetic works, critical and creative thinking, communication ways of effective use

of communication and cooperation competences in teaching poems about Alash intellectuals are analyzed, the results achieved by students are differentiated and the results are drawn.

**Keywords:** literary genre, poetry, Alash, national intellectuals, literary image, 4K concept.

**А. Шамшадинқызы[1], К. Медеубаева[2], А.Р. Абдыкадырова[3], З.К. Уалиева[3], 2024.**

[1]Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан;
С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан.
E-mail: 87757576833@mail.ru

## СТУДЕНТТЕРГЕ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛІ

**Шамшадинқызы А.** – Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: 87757576833@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1529-3948;
**Кенжехан Медеубаева** – Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті Алматы, e-mail: medeubaeva_kt@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002—8399-384x;
**Абдыкадырова Айнур Рахманалыевна** – С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: tauke04@mail.ru https://orcid.org/0000-0001-9551-2719;
**Уалиева Зауреш Калиевна** – С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Zualiyeva@yandex.kz, https://orcid.org/0009-0002-7396-4516.

**Аннотация.** Бүгінгі білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі – жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы ұрпақ қалыптастыру. Жоғарғы оқу орнындағы білім алушылардың болашақ педагог маман ретіндегі білім, біліктерін ғана емес, рухани білімдерін қалыптастыру Алаш зиялыларына арналған әдеби көркем шығармаларды оқу арқылы жүзеге асырылады. Алаштың ат төбеліндей нар тұлғалы азаматтарының, зиялы қауымды құраған ұлт қаймақтарының өлең, жыр шумақтарында өрнектелген өмірі мен ұрпаққа қалдырған мол мұрасын зерделеу өскелең буынның ұлттық санасын қалыптастырары сөзсіз. Поэзиялық туындылардағы Алаш зиялыларының бейнесін оқыту әдістемесінде жаңашыл оқыту әдісін қолдану оң нәтижелерге жетуге ықпалын тигізеді. Осыған орай, зерттеу жұмысында поэзиялық туындылардағы Алаш зиялыларының бейнесін оқыту үдерісінде заманауи оқыту моделі – 4К концепциясын қолданудың тиімділігін қарастыру көзделеді. Алаш зиялыларының поэзиялық шығармаларда бейнеленуін жаңашыл оқыту моделі арқылы қарастыру мақсатын көздеген жұмыста жүргізілген зерттеу нәтижелерінің негізінде авторлар тарапынан поэзиядағы арнау жанрының ерекшелігі анықталады, Алаш рухындағы ұйқасты шығармалардың мән-маңызы ашылады, 4К концептісінің поэзиялық шығармаларды оқыту

барысындағы тиімділігі қарастырылады, сыни және шығармашылық ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық құзыреттіліктерін Алаш зиялылылары туралы өлеңдерді оқытуда тиімді қолдану жолдары талданады, білім алушылардың қол жеткізген жетістіктері сараланып, нәтижесі шығарылады.

**Түйін сөздер:** әдеби жанр, поэзия, Алаш, ұлт зиялылары, әдеби образ, 4К концепциясы.

**А. Шамшадинкызы[1], К. Медеубаева[2], А.Р. Абдыкадырова[3], З.К. Уалиева[3], 2024.**
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан;
[2]Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан;
[3]Казахский национальный медицинский университет имени Асфендиярова, Алматы, Казахстан.
E-mail: 87757576833@mail.ru

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ МОДУЛЕЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПОЭТИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИИ

**А. Шамшадинкызы** – PhD докторант Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан, e-mail: 87757576833@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1529-3948;
**Кенжехан Медеубаева** – Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: medeubaeva_kt@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002—8399-384x;
**Абдыкадырова Айнур Рахманалиевна** – Казахский национальный медицинский университет имени Асфендиярова, Алматы, Казахстан, e-mail: tauke04@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-9551-2719;
**Уалиева Зауреш Калиевна** – Казахский национальный медицинский университет имени Асфендиярова, Алматы, e-mail: Zualiyeva@yandex.kz, https://orcid.org/0009-0002-7396-4516.

**Аннотация.** Одной из главных задач современной сферы образования является создание интеллектуального поколения, впитавшего в себя общечеловеческие и национальные ценности. Формирование не только знаний, умений, но и духовных знаний студентов вузов как будущих специалистов-педагогов осуществляется путем чтения литературных и художественных произведений Алашской интеллигенции. Изучение жизни и богатого наследия выдающихся лидеров Алаша, деятели нации, составлявших интеллигенцию, выраженное в стихах и песнях, несомненно, сформирует национальное сознание молодого поколения. Использование в методике преподавания образа Алашской интеллигенции в поэтических произведениях новаторского метода обучения способствует достижению положительных результатов. В связи с этим в исследовательской работе предполагается рассмотреть эффективность использования современной модели обучения – концепции 4К в процессе обучения образу Алашской интеллигенции в поэтических произведениях. На основе результатов исследования, проведенного в работе, направленной

на рассмотрение репрезентации Алашской интеллигенции в поэтических произведениях через инновационную модель обучения, автор определяет специфику жанра посвящения в поэзии, раскрывает смысл поэтических произведений в духе Алаш, рассматривается эффективность концепции 4К в процессе обучения поэтическим произведениям, анализируются критическое и творческое мышление, коммуникативные способы эффективного использования компетенций общения и сотрудничества в преподавании стихов об интеллигенции Алаш, дифференцируются результаты, достигнутые учащимися.

**Ключевые слова:** литературный жанр, поэзия, Алаш, национальная интеллигенция, литературный образ, концепция 4К.

**Кіріспе.** Педагогикалық білім беру  үдерісінде даусыз маңызды құбылыс ретінде ұлттық руханият пен халықтық мәдениетке мұқият назар аудару еш күмән тудырмасы анық. Себебі, әлеуметтік және жеке кеңістік, адам өмірінің тарихи және жеке уақыты материалдық және рухани мәдениетке тікелей қатысы бар заттармен, қатынастармен, құндылықтармен, ақпараттармен және технологиялармен толығып отырады. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық поэзиясы – қазақ өркениетінің мәдени және ұлттық сипатын сақтайтын рухани қазынасы. Бұл – егемен еліміздің тәуелсіздігін нығайта түсетін маңызды рухани факторлардың бірі.

Поэтикалық шығарма – біртұтас жүйе. Оның барлық элементтері бір-бірімен байланысты және автор дүниетанымының өзіндік ерекшелігін, шындық құбылыстарына деген ақынның көзқарасы мен бағасын білдіреді. Ақын өзінің шығармашылық қиялында дүниенің үлгісін осылайша жаңғыртады. Қарап отырсақ, поэзия жанрына сүңгіген әрбір оқырман белгілі бір мақсатты көздейтін, нақты бір идея мен мағынаны бүккен ұйқасты сөздердің жиынынан бейнелі түрде жаңғыртылған дүниені, суретшінің оқиғаларға қатынасын, мейлі ол фактілер, іс-әрекеттер, эмоционалдық тәжірибелер болсын айқын аңғарады. Поэзиялық шығарманың портрет, интерьер, пейзаж сынды көркемдік құралдары оқырманның авторлық мағынаға енуінің бастапқы нүктесі бола алады. Ішкі монологтар, негізгі кейіпкерлер бейнесі, қиылысатын детальдар – барлығы тұтас шығарманы түсінудің кілтіне айналуы мүмкін. Сөйлеу құрылымы, интонация, стилистика мәтіндегі автор ойын түсінуге көмектеседі. Көркем шығарманың уақыты мен кеңістігін ұйымдастыруға қатысты автордың өз еркі өзінде болғандықтан, композицияның бір бөлігіне айналатын нәрсенің бәрі қара өлең иесінің идеясын білдіреді және авторлық әлем үлгісіне енеді.

Кейіпкер бейнесін қарастыру – қазақ әдебиетінің поэзия жанрындағы автор мүддесін ғана емес, ұлтымыздың тарихи және мәдени болмысын танытып, халықтың рухани дүниетанымын анықтауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың әдеби білімін поэзиялық шығармалардағы Алаш зиялыларының бейнесін талдау арқылы жетілдіруде поэзиялық туындылардағы кейіпкер бейнесіне жан-жақты назар салудың қажеттілігі туындайды.

Кез келген көркем шығарманың ұлттық сипатын аңғартатын кейіпкерлер бейнесінің тізбегі оқырман ойына әр қырынан әсер етеді. Әдебиеттанушы ғалым Л.Т. Мақұлова: «Көркем шығармалардағы болмысты, өмірді кейіпкерлер және олардың қарым-қатынасы арқылы көз алдымызға елестетіп, ондағы көңіл көкжиегінен көрінер суреттерді көзімізбен көріп, жүрегімізбен сезінеміз» (Мақұлова, 2004: 18), - деп келтіреді.

Қазақ әдебиетінің поэзия жанрында өз ұлтының дамуы мен өркендеуіне жан-жақты үлесін қосқан ұлт перзенттерінің тарихи кейіпкер ретіндегі бейнелерінің көркем ашылуы мен қоғам мүддесі үшін жасаған қажырлы қызметінің ерекше дәріптелуі жас ұрпақтың ұлттық тәрбие қайнарынан еркін сіміріп, патриоттық рухының қалыптасуына жол ашады. Алаш зиялыларының қазақ қоғамының дербестікке қол жеткізу, ұлттық мемлекеттілікті құру, азаттық рухын сақтау, қоғамдық сауаттылықты қалыптастыру, саяси басқару және ағартушылық салаларына үлес қосу сынды ерен еңбектері тағылымды тарихымыздың маңызды кезеңін қамтиды. Алаш арыстарының ұлтжандылық рухы мен олардың қай сәтте болмасын туған халқының мүддесі жолында құрбан болуға әзір қайсарлығы, ұлттық мүддеге қалай да қол жеткізу жолындағы табандылығы олардың көздеген мақсатының кеш болса да орындалуына сара жол салды. Олардың жүріп өткен жолының әрбір қалтарысын зерделеу, халықтық мәдениет пен әдебиет мұраларының негізгі желісіне арқау ету бүгінгі күнге жүктелген аманат. Халық тарихының бір тамыры қазақ әдебиетінде жатқандықтан, поэзиялық шығармалардағы Алаш зиялыларының бейнесін қарастыру әрі ол білімді жас буынға ең тиімді оқыту әдіс-тәсілдері арқылы жеткізу мәселесін қарастыру зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

Ұлт қайраткерлерінің поэзия туындыларындағы көркем болмысын қарастыру күллі руханиятымызға қосылатын сүбелі еңбек болмақ. Бұл турасында ғалым С.С. Жанпейісова өзінің диссертациялық еңбегінде: «Тарихи тұлғалардың тағдыры, өнердегі орны, өзіндік стилі ғылыми негізде де, көркемдік кеңістікте де айқындалып, тәуелсіз ел мәдениетіне сай өмірге ене бастауы – қазіргі қазақ руханиятының өрісіндегі елеулі құбылыс деп танылды» (Жанпейісова, 2010: 12), – деген пікірін алға тартады.

Поэзия туындыларын сапалы талдай алу, шығармадағы ой мен идеяны айқын ажырату, аталмыш жанр ерекшеліктерін жіті білу, автордың көздеген мақсатын аңғару Жоғарғы оқу орнындағы әдебиеттану ғылымы бойынша білім беру бағдарламасына берік орнығып, әдебиеттану саласындағы білім жүйесінде маңызды орын алатын негізгі міндетке айналды. Шынында да, білім алушылардың қазақ әдебиетінің жанрлық түрлерін, оның ішінде поэзия жанрын еркін игеру деңгейіне қарап олардың әдебиет саласындағы білімі мен логикалық ойлауының, шебер сөйлеу қабілетінің қаншалықты дамығанын бағалауға болады. Алайда білім алушылардың поэзиялық туындыларды жаңғақша шағып, бұл жанрдың қалтарыс-бұлтарысын жіті игеруіне көмектесетін жаңашыл, тиімді оқыту әдістемесі толық әзірленбеген. Осы негізге сүйене отырып, Жоғарғы оқу орнындағы білім алушыларға поэзиялық

шығармалардағы Алаш зиялыларының бейнесін тиімді оқытуда бүгінгі білім беру саласында жағымды нәтижелерге қол жеткізу кепілдігі жоғары жаңашыл оқыту жүйесі – «4К» концепциясын алға тартып, қазіргі заман дағдыларына айналған сыни ойлау, шығармашылық, коммуникация, ынтымақтастық құзыреттіліктерінің ерекшеліктерін зерттеуді поэзия жанрының бір бөлігіне арқау болған Алаш зиялылары бейнесімен қатар қарастыру қажеттілігі туралы атап өтеміз. Қоғам қайраткерлерінің бейнесін оқыту тиімділігіне қол жеткізуде білім алушылардың маңызды дағдыларын құрайтын 4К концепциясының маңызын зерттеу арқылы олардың әдеби білімін жетілдіруге мүмкіндік алуға болатынына тоқталамыз.

Алаштың ат төбеліндей нар тұлғалы азаматтарының, зиялы қауымды құраған ұлт қаймақтарының өлең, жыр шумақтарында өрнектелген өмірі мен ұрпаққа қалдырған мол мұрасын зерделеу өскелең буынның ұлттық санасын қалыптастыратын болса, 4К моделінің маңызын ескере отырып оқыту олардың өз пікірін сауатты білдіру, ойын тиянақтау, мәселені сын таразысына салу, түрлі жағдаяттық мәселелер туындағанда оны тиімді шеше білу, қоғамда өзгелермен қарым-қатынас орната алу, нәтижеге жету жолында топпен ынтымақтаса жұмыс істеу сынды қажетті дағдыларының қалыптасуына жол ашады. Осы тұрғыдан алып қарағанда да, поэзия арнасына арқау болған Алаш қайраткерлерінің бейнесі мен тыныс-тіршілігін оқыту үдерісіне 4К моделін енгізу арқылы тиімділікке қол жеткізу мәселесін қарастыру зерттеу тақырымыздың өзектілігі мен ғылыми жаңалығын құрайды.

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми-теориялық деңгейдегі өзектілігі поэзиядағы арнау жанрын теориялық тұрғыдан түсінуден, ондағы Алаш зиялыларына арналған өлең, жырлардың мазмұнын зерттеуден және бұл білімнің Жоғарғы оқу орнында оқитын білім алушылардың әдебиеттану ғылымына қатысты білім, білік, дағдылары мен патриоттық рухын дамытуға ықпалынан туындайды.

Ғылыми-әдістемелік деңгейдегі өзектілігі поэзиядағы Алаш қайраткерлерінің бейнесін оқытуда 4К концепциясын (сыни және шығармашылық ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық) қолданудың білім алушылардың өмірлік қажетті дағдыларын қалыптастыру тиімділігімен түсіндіріледі.

Осылайша, Алаш зиялыларының поэзиялық шығармаларда бейнеленуін жаңашыл оқыту моделі арқылы қарастыруды жұмысымыздың негізгі мақсаты етіп алдық. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер көзделді:

-  Поэзиядағы арнау жанрының ерекшелігін анықтау;
-  Алаш рухындағы ұйқасты шығармалардың мән-маңызын ашу;
-  4К концептісінің поэзиялық шығармаларды оқыту барысындағы тиімділігін қарастыру;
-  Сыни және шығармашылық ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық құзыреттіліктерін Алаш зиялылылары туралы өлеңдерді оқытуда тиімді қолдану жолдарын талдау;
-  Білім алушылардың қол жеткізген нәтижелерін саралау.

**Әдебиеттерге шолу**

Поэзиялық туындылардағы Алаш зиялыларының бейнесін қарастыру барысында поэзия жанрындағы лирикалық кейіпкерге тоқталып өткен дұрыс. Поэзиялық шығармаларды оқыту әдістемесінде лирикалық шығарманың табиғатын түсіну, көркем туындыдағы кейіпкерлер бейнесі мен көркемдік құбылыстарды талдау үшін әдебиетшіге лирикалық шығарманың кешегі тарихы мен ертеңгі болашағы, даму арнасы жайында терең теориялық білім қажет. Әдебиет сыншысы Т. Шапаевтың тұжырымынша, әдебиеттану ғылымының теориясы үшін лирикалық кейіпкер категориясын ашып қарастырудың маңызы үлкен. Ғалым лирикалық бейнеге өзінің «Қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасы» атты диссертациялық зерттеу еңбегінде былайша сипаттама береді: «... өзінше ерек тағдыры, жеке адамдық болмыс бітімі, ішкі әлемі, психологиясы айқын дараланған, нақтылы мінез ерекшеліктерімен қиып алынған толыққанды бейне» (Шапаев, 1994: 11).

Сондай-ақ әдеби сынның білгірі: «Лирикалық бейне – ақынның өз болмысынан тұлғаланатын құбылыс» (Шапаев, 1994: 15), – деп келтіреді. Бұл пікірдің қисыны бар. Неге олай десеңіз, кез келген көркем шығармадағы лирикалық бейне автор парасаты мен пайымынан, көзқарасынан туындап, дамиды.

Әдебиет зерттеушісі З. Қабдолов лирикалық кейіпкер турасында: «Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі» (Қабдолов, 1992: 310), – деген пікірін негіздейді. Дей тұрғанмен, Т. Шапаевтың ойынша, біріншіден, өлеңдегі кейіпкер образы ақынның өз бейнесін бермейді, ол тек «оқшау образға» құрылады. Екінші жағынан, лирикалық кейіпкерді қай бейнеде қабылдау мәселесі оқырманның көркем туындыны қабылдау психологиясына да байланысты болып келеді. Алаш зиялыларына арналған поэзиялық туындылардың жанрын арнау жанрына жатқызуға болады. Әдебиетші ғалым А.З. Тілеуова «Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдер» тақырыбында қорғаған диссертациялық ғылыми еңбегінде арнауды біріншіден, лирика мен толғаудан тысқары өз алдына жеке жанр ретінде, екіншіден, қазақ поэзиясының құнарын бойына сіңірген синкретті жанр ретінде қарастырады (Тілеуова, 1999: 128). Автор арнау жанрын тек ауыз әдебиетіне ғана қатысты емес, жазба әдебиетіне де қатысты, екі салаға да ортақ жанр ретінде көрсетеді.

Арнау жанры өзінің өмір сүру тарихында бір орында өзгеріссіз қалған түр емес, керісінше, уақыт тоғысымен өзгеріп, толығып, жаңарып отырған әдеби құбылыс. Жыраулар поэзиясы кезеңінде арнау өлеңдер жеті-сегіз буынды өлең өлшемімен келгендіктен, көптеген ғалымдар арнау өлеңдерін терме, толғау жанрына қосып жіберген. Ал арнау өлеңдерін лириканың бір саласы ретінде қарастыру Абайдың арнау өлеңдерінен кейін басталған (Тілеуова, 1999: 131).

Алаш зиялыларының бейнесін жырлаған арнау өлеңдері уақыт тезінде туып, уақыт тезінде қалыптасып, уақыт тезінде дамыған жанрдың маңызды бөлігі. Уақытқа байланған жанр әр кезеңнің айтулы оқиғасын, айтулы қаһарманын, айтулы ханын, айтулы туған жерін дәріптеп, асқақ тұтқан. Сол себептен де, ұлт көсемдерін ұлықтап, атпал азаматтарымыздың ардақты істері мен халыққа

жасаған жақсылығын жырлаған, ұлты үшін туған ұлы тұлғалардың ұлы мақсаттарын мансұқтаған поэзиялық туындыларды арнау жанрына жатқызуға толық негіз бар.

**Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу жұмысында көздеген мақсатқа қол жеткізіп, белгіленген міндеттерді жүзеге асыру барысында әдебиеттану және әдістеме ғылымдарына қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтау, салыстыру; ғылыми жұмыстарды зерттеу; әдебиеттік білім берудегі Алаш зиялыларының бейнесі жинақталған поэзиялық туындыларды топтау, талдау; заманауи оқыту үдерісіне қолданысқа енген 4К концепциясын талдау; статистикалық зерттеу нәтижелерін өңдеу; білім алушылардың алған білімін бақылау және студенттерден сауалнама алу әдістері қолданылды.

Ғылыми зерттеу еңбегімізді жазу барысында түрлі отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілердің әдебиеттану және әдістеме ғылымдарына қатысты жазған ғылыми еңбектерін кеңінен қолдандық. Мақалада көркем шығармадағы «лирикалық бейне» категориясына қатысты әдебиетші ғалымдар З. Қабдолов пен Т. Шапаевтың ғылыми еңбектеріндегі тұжырымдарын өзара салыстырдық. Л. Мақұлованың көркем шығарманың ұлттық бейнесін беретін кейіпкер бейнесіне қатысты, С. Жанпейісованың тарихи тұлғалардың шығармадағы болмыс-бітіміне қатысты ғылыми негіздемелерін талдай келе, поэзиялық туындылардағы Алаш зиялыларының бейнесі ұлт руханиятына қосылған елеулі құбылыс деген түйін шығардық. Әдебиеттанушы ғалым А. Тілеуованың поэзиядағы арнау жанрына қатысты талдауларын зерттей отырып, ұлт көшбасшыларын жырлаған поэзиялық туындылардың арнау мәнерінде жазылғанына көз жеткіздік. Сондай-ақ, 4К концепциясына қатысты Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектерін өзара салыстыра отырып талдау нәтижесінде аталмыш оқыту моделін ЖОО-дағы әдебиеттік білім беруде, оның ішінде білім алушыларға Алаш тұлғаларын поэзиялық шығармалар арқылы таныту мақсатына тиімді қолдануға болатынын анықтадық.

**Нәтижелер мен талқылау**

Кез келген жанр уақытпен бірге толысып, өсіп, дамып отырады. Кейде түрлі өзгерістерге де ұшырайды. Сол секілді Алаш зиялыларының образын негізге алған поэзиялық туындылардың жанры ретінде танылып жүрген арнау жанры да өткен дәуір мен бүгінгі дәуір арнасында біраз жаңаруларға, өзгерістерге ұшырады. Арнау жанрының ауқымының кең, мол тынысты болуы оның өзге жанрлармен етене байланысып, тез селбесіп кетуіне ыңғай туғызады (Тілеуова, 1999: 131).

Ұлт зиялыларының көркем бейнесін жырлаған арнау өлеңдерінде тұлғалардың жеке өмір дерегі сұрыпталып, олардың өмір сүрген ортасы, сол кезеңнің тарихи шындығы, нақтылы өмір деректері қамтылды. Бұл құбылыс «қазақ әдебиетіндегі нақтылы шығармашылық фактілерді көркемдік тұрғыдан зерделеуге» мүмкіндік береді (Жанпейісова, 2010: 12).

Бұл дағдылар 1950 жылдары АҚШ-та пайда болды. Оны алғашында

қарулы күштерге кадрлар дайындайтын мамандар ойлап тапқан. Олар жоғары нәтижеге жету үшін студенттердің техникамен жұмыс жасауда тамаша болуы және еңбекке қажетті қарапайым дағдыларды – «hard skills» дамыту жеткіліксіз екенін түсінді. Оларға қоршаған қоғаммен және өзге адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын да игеру маңызды екені айқындалды. Ол дағдыларды жұмсақ немесе қосымша дағдылар – «soft skills» деп те атайды. Бұл терминдер IT саласынан шыққан, ал концепция 1960 жылдары толығымен қалыптасты (Хромова, 2024: 1).

Қазіргі уақытта жұмсақ дағдылар барған сайын маңызды болып келеді. 2016 жылы Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумда болашақтың барлық маңызды кәсіби дағдылары үш санатқа бөлінді: сауаттылық, құзыреттілік және мінез-құлық қасиеттері. Ал негізгі құзыреттердің арасында 4К дағдыларына: шығармашылық, сыни ойлау, ынтымақтастық және коммуникацияға ерекше маңыз берілді.

2018 жылы АҚШ-тағы Брукинг институтының ғалымдары жариялаған «Education system alignment for 21st century skills» тақырыбымен ұсынылған ғылыми жинақта дүниежүзілік экономикалық форум ұсынған «Білімге жаңа көзқарас» баяндамасында XXI ғасыр дағдылары сипатталды (Care, 2018: 21).

**1-кесте –** XXI ғасыр дағдылары. Дүниежүзілік экономикалық форум. «Білімге жаңа көзқарас» баяндамасы

| № | Негізгі құзыреттіліктер | Сипаттамалары |
|---|---|---|
| 1 | Сыни ойлау | Қажетті ақпаратты, маңызды деректі дәл анықтап, ақиқатты өтіріктен ажыратуға қажетті дағды. |
| 2 | Шығармашылық | Адамға әртүрлі мәселелердің заманауи, жаңашыл, креативті шешімдерін табуға көмектесетін дағды. |
| 3 | Қарым-қатынас | Қоғаммен араласуға, өзге адамдармен тіл табысуға қажетті дағды. |
| 4 | Ынтымақтастық | Белгілеген мақсатқа бірлесе жету үшін топпен бірігуге, үйлесімді бірлікте жұмыс істеуге қажетті дағды. |

Байқағанымыздай, қазіргі заман адамына қажетті негізгі дағдылардың санатында жоғарыда келтірілген 4К дағдысы (критикалық ойлау, креативті ойлау, коммуникация, кооперация) тұр. Бұл дағдылардың маңыздылығын әлемнің 152 елі мойындаған екен (Care, 2018: 18).

Ал ендігі жерде отандық жоғарғы оқу орындарындағы әдебиеттік оқыту үдерісінде білім алушылардың әдеби білімдерін, әдеби сауаттылықтарын жетілдіру үшін әдебиетті оқыту әдістемесіне осы аталған дағдыларды қамитын 4К оқыту моделін кіріктіру табысты нәтижеге қол жеткізуге мұрындық болмақ. Білім алушылар тек әдеби шығармаларды талдап қана үйренбейді, сондай-ақ, олардың сыни ойлауы, шығармашылық қарым-қабілеті, өзгелермен қарым-қатынас құра білу дағдылары, топпен, белгілі бір адамдардың ұжымымен бірігіп

жұмыс істеу құзыреттіліктері пайда болады. Жоғары оқу орнында игерген бұл біліктері білім алушылардың кейінгі өмірлеріндегі әрбір кезеңде маңыздылыққа ие бола түспесе, өз артықшылықтарынан ешқашан айырылмайды.

**Сыни тұрғыдан ойлау.** Сыни тұрғыдан ойлаудың маңыздылығы, әсіресе, адам ақпараттың үлкен көлемін алатын және әртүрлі сенімдермен бетпе-бет келетін бүгінгі цифрлық дәуірде арта түскені анық. Ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, талдау және түсіндіру қабілеті жеке өмірде де, әлеуметтік және кәсіби өмірде де дұрыс қорытынды жасауға және ұтымды шешімдер қабылдауға көмектеседі.

М. Пинская мен А. Михайлованың «Компетенции «4К»: формирование и оценка на уроке» атты әдістемелік құралында сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың ең жақсы шарты - әлеуметтік қарым-қатынас жағдайы екені атап өтіледі (Пинская, 2019: 29).

Алаш зиялыларының бейнесі сипатталған поэзиялық туындыларды оқыту арқылы білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын төмендегі негізде дамытуға болады:

- зерттеу (өлең мазмұны мен шеңберін түсіну, шығармада көтерілген мәселе бойынша әртүрлі болжамдарды анықтау және оларға күмән келтіру, фактілер мен тарихи деректердің дәлдігін анықтау);
- қиял (өлең мазмұнына қатысты әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді ортаға салу, оларды талдау және өзара салыстыру);
- әрекет (өлеңге қатысты білдірілген шешімнің, пікірдің күшті және әлсіз жақтарын түсіндіру);
- талқылау (ең дұрыс деп таңдалған пікір туралы ойды қорыту).

Әдебиеттік оқытуда Алаш тұлғаларына қатысты поэзиялық туындыларға негізделген тапсырмаларды білім алушылардың критикалық ойлау және креативті ойлау дағдыларын жетілдіруде ұтымды ұсынуға болады. **Мысал:** ақын Т. Қажыбаевтың «Мағжанға мінажат немесе мұңлы Муза толғауы» арнау өлеңіне қатысты айтылым тапсырмасын орындау қажет. Берілген тапсырма бойынша өлең мәтінінде қамтылған дайын мәліметтерді алдымен өңдеу қажет. Келесі, білім алушылар өлең мазмұнын талдап, өз ойларын ортаға салуы тиіс. Бұл тапсырманы орындау арқылы білім алушылардың сыни ойлау дағдысы қалыптасады.

**2-кесте** – «Мағжанға мінажат немесе мұңлы Муза толғауы» арнау өлеңіне негізделген тапсырманың мақсаты мен нәтижесі

| Шығарма атауы | Жанры | Тапсырманың мақсаты | Тапсырманың нәтижесі |
|---|---|---|---|
| «Мағжанға мінажат немесе мұңлы Муза толғауы» | Арнау өлең | • білім алушыларға өлең жолдарын талдату;<br>• олардың сыни ойлау қабілеттерін кеңейту;<br>• өз ойларын жинақтап жеткізуге бейімдеу. | білім алушылар Алаш зиялысы – Мағжан Жұмабаев тұлғасына арналған өлең мәтінінен негізгі ойды анықтады;<br>шығармадағы ойды жинақтау дағдылары қалыптасты;<br>өлеңдегі ақпаратты өңдеп үйренді;<br>өз ойларын дәлелмен айтуды игерді. |

